

2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-мигранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы және еңбекші-мигранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қарашадағы N 1030 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 қарашадағы № 1166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 06.11.2013 № 1166 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-мигранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы және еңбекші-мигранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлшара Наушақызы Әбдіқалықоваға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-мигранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы және еңбекші-мигранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.03.16 № 204 Қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 8 қарашадағы
N 1030 қаулысымен

мақұлданған
жоба

2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-мигранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы және еңбекші-мигранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі екі ел халықтарының тарихи дәстүрлі достық байланыстары мен тату көршілік қатынастарын сақтауға және нығайтуға ұмтылысты негізге ала отырып, екі мемлекеттің де азаматтарының Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасының аумақтарында еңбек қызметтерін жүзеге асыру, екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастықтың жан-жақты қатынастарын дамыту және тереңдету үшін оларға қолайлы жағдайлар жасауға т і л е к б і л д і р е о т ы р ы п , екі мемлекет арасындағы экономикалық байланыстарды нығайтуға және дамытуға өзара ұмтылысты басшылыққа ала отырып, Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін еңбекші-мигранттарға оңайлатылған тәртіп ұсыну мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2006 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші-мигранттар - Тәжікстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы

және еңбекші-мигранттар - Қазақстан Республикасының аумағында уақытша жұмыс істейтін Тәжікстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі мен құқықтарын қорғау туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 15-бабына сәйкес мынадай өзгеріс енгізілсін:

4-бап мынадай редакцияда баяндалсын:

"Осы Келісімнің ережелерін іске асыру үшін Тараптар:

Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігін,

Тәжікстан Республикасынан - Тәжікстан Республикасы Ішкі істер министрлігін және Тәжікстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін уәкілетті органдар етіп тағайындайды.

Тараптардың уәкілетті органдары жыл сайын еңбекші-мигранттардың саны мен кәсіби құрамы туралы деректермен алмасуды жүзеге асырып отырады.

Уәкілетті органдардың атаулары өзгерген кезде Тараптар тез арада дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне бұл туралы хабарлайды."

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданылу кезеңінде күшінде болады.

200 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің бірдей күші бар.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының *Тәжікстан Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*